

**Жаңа демократия елдерінің конституциялық бақылау  
органдары конференциясы (бұдан әрі – Конференция)  
отырысының хаттамасы**

2018 жылғы 28 тамыз

Астана қаласы

Қатысқандар:

Конференция мүшелері және тізім бойынша қонақтар (қоса беріледі)

**Күн тәртібі:**

1. Әзірбайжан Республикасы Конституциялық Сотының Конференцияның құрамына енуі туралы өтінішін қарау.

2. Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің интернет-ресурсындағы Конференцияның бөлімімен таныстыру.

3. Конференция Жаршысын шығару мәселелерін талқылау және т.б.

4. Басқа қауымдастықтармен ынтымақтастық.

5. Конференцияның Конституциялық сот төрелігі жөніндегі бүкіләлемдік конференцияның 5-конгресіне қатысу және өзге де мәселелерді талқылау.

6. Конференцияның туын әзірлеу.

## **Әзірбайжан Республикасы Конституциялық Сотының Конференцияның құрамына енуі туралы өтінішін қарау**

---

(Қ.Ә. Мәми, Ф.С. Абдуллаев)

1. Әзірбайжан Республикасының Конституциялық Соты Конференцияның құрамына қабылдансын.

## **Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің интернет-ресурсындағы Конференцияның бөлімімен таныстыру**

---

(Қ.Ә. Мәми, Г.В. Товмасын, Б.М. Нұрмұханов)

1. Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі Аппараты Басшысының ақпараты назарға алынсын.

2. Конференцияның мүшелері Конференцияның интернет-ресурсында орналастыру үшін материалдарды тұрақты негізде Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесіне жіберіп отырсын.

## **Конференцияның Жаршысын шығару мәселелерін талқылау**

---

(Қ.Ә. Мәми, Г.В. Товмасын)

1. Конференцияның Жаршысы редакциялық алқасының құрамы бекітілсін.

2. Жаршыны шығару мерзімділігі жылына кемінде екі рет деп айқындалсын.

3. Конференцияның мүшелері материалдарды 2018 жылғы Жаршының бірінші нөмірінде жариялау үшін Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесіне 2018 жылғы 31 қазанға дейін жіберсін.

4. Конференцияның мүшелері Конференцияның Жаршысында жариялау үшін материалдарды тұрақты негізде Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесіне жіберіп отырсын: әр жылдың сәуіріне және қазанына дейін.

## **Басқа қауымдастықтармен ынтымақтастық**

---

(Қ.Ә. Мәми)

1. Конференция Төрағасының ақпараты назарға алынсын.

2. Конференция және басқа да өңірлік әрі лингвистикалық қауымдастықтар арасындағы ынтымақтастықты, қажет болған жағдайда, тиісті меморандумдар жасасу арқылы, күшейту бойынша жұмыс жалғастырылсын.

## **Конференцияның Конституциялық сот төрелігі жөніндегі бүкіләлемдік конференцияның 5-конгресіне қатысуы мәселелерін талқылау**

---

(Қ.Ә. Мәми, Шнутс Дюрр)

1. Конференция Төрағасының және Конституциялық сот төрелігі жөніндегі бүкіләлемдік конференция Бас Хатшысының Конституциялық сот төрелігі жөніндегі бүкіләлемдік конференцияның 5-конгресі туралы ақпараты назарға алынсын.

2. Іс-шараның маңыздылығы мен жоғары деңгейін ескере отырып, Конференцияның мүшелері Конституциялық сот төрелігі жөніндегі бүкіләлемдік конференция 5-конгресінің Алжирде өткізілуін қолдайды және оның шеңберінде Конференция мүшелерінің кездесуін ұйымдастыру, баяндамашылар, тең баяндамашылар мен модераторлар ретінде сөз сөйлеу үшін өкілдерді ұсыну ниетін білдіреді.

## **Конференцияның туын әзірлеу**

---

(Қ.Ә. Мәми, Г.В. Товмасын)

1. Конференция Төрағасының ақпараты назарға алынсын.

2. Конференцияның мүшелері қазанның соңына дейін тудың таратылған эскизі бойынша ұсыныстар енгізсін.

**Конференцияның Төрағасы**

**Қ. Мәми**